



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

9. Кондратенков Г.С., Фролов А.Ю. Радиовидение. Радиолокационные системы дистанционного зондирования земли / Под ред. Г.С. Кондратенкова М.: Радиотехника, 2005. - 368 с.

10. Хармут Х.Ф. Несинусоидальные волны в радиолокации в радиосвязи: Пер с англ. - М.: Радио и связь, 1985. 376 с.

ӘОЖ 004

“ASEM” МОБИЛДІ ҚОСЫМШАСЫН ҚҰРУ

Ұмтылқызы Назира

nazira.umtyl@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 5B070400 – “Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету” мамандығының студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ж.О. Оралбекова

Жұмыстың өзектілігі. “Біздің жастарымыз оқуға, жаңа ғылым-білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс. Мобилді, мультимедиялық, нано және ғарыштық технологиялар, робот техникасы, гендік инженерия салаларын, болашақтың энергиясын іздеу мен ашудың негізін салған жөн. Мемлекет жұмысының негізгі бөлігі Қазақстан бизнесін, әсіресе шағын және орта бизнесті дамытуға барынша қолайлы жағдай жасау болмақ. Таяудағы 10-15 жылда ғылыми қамтымды экономикалық базис жасау керек, онсыз біз әлемнің дамыған елдері қатарына қосыла алмаймыз. Мұны дамыған ғылым арқылы шешуге болады” - деп Қазақстан Республикасының 2050 стратегиялық даму бағытында көрсетілген [1].

Бұл жұмыс осы стратегиялық даму бағытында көрсетілген талаптарға сәйкес, яғни мобилді технологияларды дамытуға арналған, сол арқылы дамыған мемлекеттердің қатарына қосылудың бір тармағы болып табылады.

Бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің біріне арналған ол – сырт-келбет сұлулығы десек артық болмайды. Осы мәселені шешу үшін арнайы мамандардың кеңестеріне жүгінуге тура келеді. Ал ондай білімді де, білікті мамандандырылған мамандар мен сұлулық шеберлерін тек арнайы сұлулық салондарынан таба аламыз. Бұл жұмыста Android жүйесіне арналған Астана қаласында орналасқан ең заманауи сұлулық салондары, шаштараз тағы басқа сұлулық орындары туралы анықтамалық қосымша құрылды.

Еліміз үшін маңызы мол, дамуына қарқын қосатын, Астана қаласында жүргізіліп жатқан EXPO-2017 барлық әлем халықтарының қызыға қарайтын орындарының бірі болары даусыз. Осыған байланысты біздің қаламызға келетін туристер саны да көп болмақ, осыған байланысты “Asem” мобилді қосымшасы келушілерге өз үлесін қосады деп ойлаймыз.

Жұмыстың мақсаты: Java Script, CSS және Eclipse плагины негізінде Android операциялық жүйесінде “Asem” мобилді қосымшасын құру. Қазіргі таңда Астанамыздың үздіксіз дамуына байланысты қала халқының саны да, қалаға келетін шет ел қонақтарының саны да күн санап өсіп келеді. Осыған байланысты халықтардың сұлулық орындарын табу, ол туралы мәліметтер алу, ондағы қызмет түрлерін білу және қызмет түрлерінің бағаларын білуді жеңілдету мақсатында мобилді қосымша құруды жөн деп санадық.


Бұл жұмысты орындау кезінде құралдардың жаңашыл тәсілі Android платформасы, Java объектіге бағытталған программалау тілі және мобилді құрылғылардың Android SDK құралы қолданылды.

Құрылған “Asem” мобилді қосымшасы халықтың уақытын үнемдеу, кез келген уақытта, кез келген жерде отырып-ақ Астана қаласындағы сұлулық орындарын, ол туралы мәліметтер алуға мүмкіндік беретін бірден-бір қосымша болып табылады. Бұл қосымшаның келесі мүмкіндіктері бар:

сұлулық салондарының тізімін көру;

сұлулық салондарының атауы бойынша іздеу;
өзіңіз таңдаған сұлулық салонына ұялы байланыстар арқылы хабарласу;
салондағы қызмет түрлерінің тізімін көру;
салондар туралы мәліметтер, мекен-жайы және жұмыс уақыттарын көру;
салондардың қызмет түрлері бойынша қаладағы орнын карта арқылы көру;
салон суреттерін 3D форматында көру;
салон мен клиент арасындағы аралықты және қалай бару керектігін картадан көру;
бағдарламада картаның бірнеше типтері көрсетілген, сол типтерді өзгерту арқылы картаны бірнеше түрде көруге болады.

“Asem” мобилді қосымшасы 1-суретте көрсетілген функцияларды орындайды:



1-сурет. UML пайдалану нұсқасының диаграммасы


Бұл жұмыс алдағы уақытта төменде көрсетілген элементтермен толықтырылып, жақсартылады:

- Салон тізіміне тағы басқа сұлулық салондарымен толықтырылады;
- Қосымшаны қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде көру;
- Сұлулық салонындағы қызмет түрлерінің бағаларын көру;
- Қызмет түрлерінің бағалары бойынша іздеу жасау.


Жұмыстың күрделілігі: Google map картасы арқылы жасалған қосымшаны Play Market – ке қою.

Жұмыстың сипаттамасы.

Қосымшаның бастапқы беті өзіңіз тұрған жерді анықтайды және мәзірлер тізімінен тұрады (2-сурет). Мәзір белгісін басу арқылы 3-суретте бейнеленгендей сұлулық салондар тізімі көрсетілген бетке кіре аламыз.




2-сурет. Алғашқы бет



3-сурет. Сұлулық салондар тізімі беті

Өзіңіз қалаған сұлулық салонын іздеу терезесіне теріп, қалаған салоныңыз туралы толық мәлімет алу бетіне өте аласыз (4-сурет). Таңдаған сұлулық салоныңыз туралы, оның мекен-жайы туралы, жұмыс режимі туралы біле аласыз және осы беттен салонның 3D форматындағы суретін көруге болады, сонымен қоса “Позвонить” батырмасын басу арқылы сол салонға хабарласа аласыз. “Маршрут” батырмасын басып, келесі бетке өтуге болады (5-сурет).




4-сурет. Салон аты бойынша іздеу беті




5-сурет. Салон туралы мәлімет алу беті

6-суретте көрсетілген бетте сол салонға қалай баруға болатынын, яғни жолын және қанша уақытта жететінізді көре аласыз.



6- сурет. Салонға бару жолын көру беті


Басты беттегі “Выберите рубрику” мәзірін тандасак, салондағы қызмет түрлерінің тізімін көре аламыз (7-сурет). Сол тізімнен өзімізге керегін тандасак, картадан объектілерді көреміз және әрқайсысын басып көрсеңіз қандай сұлулық салоны екенін, оның мекен-жайын және сізден қанша метр қашықтықта орналасқанын көре аласыз (8-сурет).



7-сурет. Қызмет түрін таңдау беті

8-сурет. Қызмет түрі бойынша орны

Сондай-ақ таңдаған қызмет түрлері қай сұлулық орнында бар болса, сол жерге ғана объекті орналасады. Мысалы “Косметология” екі орында болса, “Уход за ногтями” сегіз орында бар екенін көруге болады (9-сурет).



9-сурет. Қызмет түрі қай салонда бар екенін көру беті

Қолданылған әдебиет

1. Қазақстан Республикасы стратегиялық даму бағыты - 2050ж.
2. Форум о программировании для Android [Электронный ресурс] // URL: <http://www.cyberforum.ru/android-dev/>

ӘОЖ 004.378.001

VISUAL STUDIO .NET ОРТАСЫНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Шаңғытбаев Нұржан Құрманғалиұлы

nurzhan@mail.ru

Ақтөбе политехникалық колледжі, Ақтөбе, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Е.Қ.Құрманғалиев

Visual Studio – C# тіліндегі кодты қабылдайтын (сонымен қатар C++, Visual Basic және басқа да тілде басқарылатын және басқарылмайтын кодтар) интегралды өңдеу ортасы, ал Visual C# Express Edition - Visual Studio ортасының тек C# тіліндегі кодты қабылдайтын жеклеген түрі болып табылады. Бұл орталардың негізгі ерекшелігі .NET жабдықтарының қолданушымен құрылған кодқа интегралдануының қарапайымдылығында болып отыр.

.NET –қосымшасын құруға арналған ең қолайлы интегралды орта ретінде Visual Studio-ның төмендегідей функционалды мүмкіндіктерін ерекше атап өтуге болады: [1]

- Visual Studio компиляциялануға тиіс бастапқы кодты автоматтандырады. Сонымен қатар, егер қолданушыға өзгеріс енгізу қажет болған жағдайда қолданылған кез келген опцияны толық басқаруға мүмкіндік береді.
- Visual Studio-ның текстік редакторы Visual Studio құрамындағы тілдерге (C# тілімен қатар) интеллектуалды түрде қателерді өзі таба алатындай, табылған жағдайда